



ХҒТАР 16.21.41
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2026-154-1-246-257>

«Codex Cumanicus» жазба ескерткіші тіліндегі діни ұғымдар: түркілік таным және семантикалық эволюция

Г.И. Серкебаева¹, С.С. Байменова*¹, К.Б. Аширкулов²

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: gauhar.110178@mail.ru¹, saule.baimen78@gmail.com², kanat.ashirkulov@gmail.com³)

Аңдатпа. Мақалада ортағасырлық «Codex Cumanicus» жазба ескерткішіндегі діни лексикаға лингвистикалық талдау жасалған. Зерттеу нысаны ретінде рауғамбар (пайғамбар), šeriat (шариғат), оғуғ (ораза), qurban (құрбан), sadaqa/sadaуа (садақа), täube (тәубе), šükür (шүкір), sabur (сабыр), medet (медет), niyet (ниет) сияқты діни ұғымдар алынған. Зерттеу барысында алынған діни сөздердің ортағасырлық жазба ескерткіш тілінде қолданылу ерекшеліктері, фонетикалық сипаттары және тарихи дамуы қарастырылған. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, фонетикалық және семантикалық әдістер қолданылып, араб-парсы тілдерінен енген терминдердің түркі тілдік ортаға бейімделу ерекшеліктері анықталған. Нәтижесінде ескерткіш тіліндегі діни лексика жүйелі қалыптасқаны, түркілердің діни-танымдық жүйесіндегі рөлі көрініс тапқаны көрсетілген. Мақала нәтижелері түркі тілдерінің тарихи лексикологиясы мен діни терминологиясын зерттеуде маңызды ғылыми дереккөз болып табылады.

Түйін сөздер: «Codex Cumanicus», діни лексика, көне түркілік таным-сенім, ортағасырлық жазба ескерткіш, түркі тілдері, тарихи терминология.

Түсті: 13.05.2025; Мақұлданды: 25.02.2026; Онлайн қолжетімді: 30.03.2026

Кіріспе

Ортағасырлық жазба мұралар ішінде ерекше тарихи, мәдени және лингвистикалық құндылығы бар ескерткіштердің бірі – «Codex Cumanicus». Бұл еңбек XIII ғасырда түзілген үш тілді сөздік пен христиан дінін насихаттауға арналған діни мәтіндерден тұрады. Жазба ескерткіштегі тілдік деректер ортағасырдағы түркі халықтарының тілдік, рухани және мәдени өмірін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді, әсіресе қыпшақ тобына жататын халықтардың әдеби-мәдени, тілдік тарихын зерттеуде баға жетпес дереккөз [1, 119]. Себебі оның құрамындағы сөздік бағандар мен діни мәтіндер арқылы қыпшақ тілінің лексикалық қоры, грамматикалық құрылымы, дыбыстық жүйесі ғана емес, сол дәуірдегі халықтың дүниетанымы, наным-сенімі және рухани құндылықтары да айқын көрінеді. Бұл өз кезегінде ортағасырлық түркі қоғамындағы мәдени байланыстарды, Батыс пен Шығыс өркениеттерінің өзара ықпалын, сондай-ақ қыпшақ тілінің халықаралық қатынас тілі ретіндегі маңызын дәлелдейді. Аталған жазба ескерткіш бүгінгі күнге дейін бірнеше рет ғылыми айналымға түсіп, әртүрлі бағытта зерттелді. Сондай-ақ ол әртүрлі тілдерге аударылып, бірнеше рет баспадан шықты. Оған Ю.Клапрот, Г.Кун, В.В. Радлов, К.Гренбах, Ә.Қ. Құрышжанов, В.Дримба, А.Гаркавец, М.Аргуншах, Г.Гунер сияқты сияқты ғалымдардың еңбектері дәлел. Ескерткіш тіліндегі сөздік пен христиан мәтіндерін алғаш бөліп, екіге бөліп жіктеген Г.Кун еді, ал діни терминдер арасынан араб-парсы кірме сөздерін алғаш байқаған белгілі түрколог О. Блау болды [2.302]. Кейінен діни мәтіндер мен терминдерді, араб-парсы кірмелерін В.Банг, К.Залеман, Ян. Гжегожевский, А.Смайлович, Т.Кавальский, С.Малов, А.Зайончковский, О.Прицак, Д.Мончизаде, А.Бодрогилетти, Л.Базен, Ә.Құрышжанұлы, М.Аргуншах, Г.Гунер, Э.Гулиев секілді т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері мен мақалаларында талданды. Ғалымдардың еңбектерінде діни лексика мен кірме элементтер негізінен жалпы тілдік немесе тарихи-этимологиялық тұрғыдан қарастырылды. «Codex Cumanicus» мәтініндегі діни терминдерді әр жылдары көшірілген нұсқаларымен салыстырмалы түрде талдау әлі де толық жүзеге асқан жоқ. Осы тұрғыдан алғанда, ескерткіш тіліндегі діни лексиканы дербес нысан ретінде қарастыру, оның семантикалық және мәдени қырларын ашу өзекті болып табылады. «Codex Cumanicus» жазба ескерткіштегі діни мәтіндер арқылы ұлан-байтақ территорияда өмір сүрген түркіледің өз дәстүрі мен сенімдерін сақтай отырып, өзге дін өкілдерімен тығыз мәдени байланыста болғандығын көруге болады. Зерттеу барысында жазба ескерткіш мәтініндегі діни терминдер мен ұғымдардың тілдік табиғаты, қолданылу ерекшеліктерін ашу көзделеді. Сонымен қатар, бұл терминдердің құрамында кездесетін араб-парсы лексикасының рөлі мен олардың түркі тіліне сіңісу жолдары сараланады. Алғаш рет ескерткішті көшіруші авторлардың әр жылдары шыққан нұсқаларына фоно-лексикалық талдаулар жасалынды. Бұл зерттеу «Codex Cumanicus» жазба ескерткішіндегі діни лексиканы кеңірек тануға, түркі тілінің тарихи лексикологиясы мен мәдениетаралық байланыстарын түсінуге үлес қосады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, фонетикалық және семантикалық әдістер кешенді түрде қолданылды. Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы ислам дініне қатысты терминдердің тарихи дамуы, сондай-ақ «Codex Cumanicus» жазба ескерткішінің әр

жылдары жарық көрген нұсқаларымен және басқа ортағасырлық жазба ескерткіштермен салыстырмалы түрде олардың фонетикалық және семантикалық айырмашылықтары анықталды. Фонетикалық әдіс сөздердің дыбыстық құрамындағы өзгерістерді талдауға мүмкіндік берсе, семантикалық әдіс олардың мағыналық ерекшеліктерін көрсетуге қызмет етті. Қолданылған әдістер жиынтығы «Codex Cumanicus» ескерткішіндегі діни лексиканың тарихи қалыптасу ерекшеліктерін жан-жақты зерттеуге негіз болды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Дін мен сенім адамзат өмірінде қоғамның рухани және мәдени дамуына елеулі әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Ортағасырлық түркі халықтарының өмірінде де діни түсініктер мен тәжірибелер олардың әлеуметтік, мәдени және саяси құрылымымен тығыз байланысты болған. Аталмыш жазба ескерткіштегі христиан дініне қатысты мәтіндерде әр түрлі діни терминдердің молынан қолданылуы ортағасырлық түркі қоғамының көпұлтты және мәдени ықпалдастыққа бай болғанын көрсетеді. Түркі тілдері мен мәдениетінің тарихын зерттеген көптеген түрколог ғалымдар, қыпшақ тіліне араб-парсы мәдениетінің ықпалы ерте кезден бастау алғандығын айтады. Бұл тұжырым «Codex Cumanicus» мәтініндегі ислам терминдерінің кездесуі арқылы да расталады. Мысалы, жазба ескерткіш тілінде Pāyūambār-reuyāmbār (пайғанбар-пайғамбар), bügü (бүгү) бүгі, profet (профет) пайғамбар секілді мағыналас ұғымдар жарыса қолданылады. Мысалы, bugün alay aytıldı pāyūambārlārdān (бүрүн алай айтылды пайғамбарлардан) бұрын пайғамбарлар солай айтқан, profet aytūāncī-aytūānca (профет айғанчы), пайғамбар айтқанша, bügülārdān ulam ol sösler turur (бүгүләрден ұлам ол сөзлер түрүр) пайғамбарлардың сөздерді ұлы сөздерден тұрады. Мұндағы Pāyūambār-reuyāmbār (пайғанбар-пайғамбар) пайғамбар - парсы тілінен кірген кірме сөз, мағынасы «Алланың өмірін жеткізіп, дін үйрету үшін жіберілген елші» [3, 370]. Біз қарастырып отырған ескерткіш тілінде сөз ортасында а/ә, а/е н/м алмасуларымен беріледі. Түркі тілдерінде татар пәйгәмбәр, ноғай пайғамбар, қарақалпақ пайғамбар, қырғыз пайғамбар, өзге тілдерде «реуғамбар», «пророк», «prophet», «nabi», және жазба ескерткіштің әр жылдары жарияланған нұсқаларда Г.Кун reugambar «prophet» [4, 298], К.Гренбах rajūambar-rejūambar [5, 186, 187], В.В. Радловта pāiḡambar - pāiḡambarдан [6, 69]. В. Дримба reugambar, raugambar, rauganbardan [7, 81, 122, 119], Ә.Құрышжановта пайғамбар «пайғамбар» [8, 108], А.Гракавец рауғамбар «пророк» [9, 580], Г.Гүнер мен М.Аргуншахта «раугамбар» reugambar [10, 498]. Байқап қарасақ түпнұсқамен салыстырғанда көшірушілер тарапынан тек фонетикалық тұрғыдан өзгешеліктер байқалады. Мысалы, Г.Кун мен К.Гренбахта сөз ортасында және аяғында а/е, түрколог В.В. Радловта сөз ортасындағы ұяң дауыссыз ғ дыбысын қатаң қ дыбысымен таңбаланған. Ал Ә.Құрышжанұлы мен А.Гаркаевецтің нұсқалары түпнұсқаға сай келеді. Көшірушілер тарапынан жіберілген фонетикалық өзгешеліктер түркі тілдерінде де, ортағасырлық жазба ескерткіштерде де кездесіп отырады. Мысалы, «Китаб-и Тарджуманда»: рауḡāmbār - Пророк [11, 582], «Кыпчакское Евангелиеде»: реуḡāmbār - Пророк [12, 505], «Тевфсирде» пайғамбар «посланник», «пророк» [13, 252]. Шығатын қортынды бұл сөз фонетикалық тұрғыдан түрленгенімен қазіргі уақытқа дейін мағыналық тұрғыдан ешқандай да өзгеріске түспеген күйі қазақ тілінде мағынасы кеңейіп қолданылады. Мысалы, пайғамбар зат 1. діни Қауымға Алла ақиқатын жеткізіп, Құдайдың барлығы мен бірлігін мойындауға шақырушы елші; 2.

Мұхамед пайғамбар; 3. ауыс., Өзінше, білгір әулие; 4. ауыс. экспр. Ұлы данышпан, ғұлама; 5. ауысп., Сиынатын, табынатын, ерекше зат, тұлға [14,272]. Халқымыздың түсінігінде пайғамбар асыл қасиеттерге ие, адамзатқа жол көрсетуші әулие, сондықтан да бұл ұғым тек діни мағынадағы мәтіндерде, уағыздарда, хадистерде көп қолданылады. Тіпті күнделікті тілдік қолданысымызда пайғамбар жасына келген кісі немесе пайғамбар жасында шашына ақ кіріп қартая бастаған адам, пайғамбардың жолындамыз пайғамбар жолын ұстанған, дін жолындағы адам, пайғамбардың үмбеті пайғамбар жолын қуушы, мұсылман, секілді жағымды мағынаға ие фразеологиялық тіркестер де көрініс береді [15,12]. Бұдан түркілердің діни-этикалық санасында сакралды тұлғаға деген құрметтің жоғары екенін көреміз. Тілдік қолданысымызда пайғамбар бейнесін жағымсыз етіп көрсететін мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер жоқ десек те болады. Өйткені бұл діни-мәдени тұрғыдан заңды құбылыс. Алайда пайғамбар образы туралы адамдық әлсіздікті көрсету үшін қолданылатын тұрақты тіркестер мен мақал тектес сөздер де бар екен. Олар, «пайғамбарда қателескен», «пайғамбар да пенде», «пайғамбарға да сынақ бар».

Ескерткіш тілінде сол сияқты діни құқықтық нормаларды білдіретін *šeriat* (*шеруат*) *шариғат* ұғымы да кездеседі. Бұл сөз біз қарастырып отырған жазба ескерткіш тілінде *шеруат* тұлғасында қолданылып, қазіргі қазақ тілінде шариғат түрінде қалыптасқан. Бұл құбылысты қазақ тіліндегі эпентеза құбылысының (аралық дыбыстың қосылуы) нәтижесі десек болады. Адам баласына пайдасын тигізетін оны жамандықтан сақтандыратын алла тағаланың қағидалары мен ұйғарымдары, нақты моральдық, этикалық әлеуметтік, мінез-құлық ережелері, тіпті қылмыстық кодекс пен, жүйелі діни заңдар жинтығы-шариғат деп аталады [16, 49]. Біз қарастырып отырған ескерткіш тілінде бұл ұғым Г.Кунда *deo proscripta; legis custos'* [4, 295], К.Гренбахта *šerijat «richter»* [5, 230], - В.В. Радлов *wäprijäm «gesetz»* [6, 68], В.Дримба *seriat* [7, 95], Ә.Құрышжановта шариат «шариғат» [8, 116], А.Гаркавецте *šeriat «шаруат»* [9, 1230] деп берілген. Жазба ескерткішті көшірушілер тарапынан бұл ұғымының аудармалары әр авторда мәдени, тілдік және ғылыми контекстке байланысты әртүрлі берілгенін байқадық. Кейбір зерттеушілер оны құдайлық заң, құқықтық нормалар немесе сот билігі ретінде түсіндірсе, кейбірі транскрипциямен ғана шектелген. Мысалы, Г.Кунда *deo proscripta; legis custos*. Мұнда «шариғат» ұғымы құдайдың жазғаны, заңдардың жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Бұл түсінік шариғатты тек діни құқықтық жүйе ретінде қарастырады. К. Гренбах *šerijat* неміс тілінде «*richter*» сот төрешісі, судья. Мұнда шариғат құқықтық билік немесе сот жүйесі ретінде қарастырылған. В.В. Радлов *wäprijäm «gesetz»* құқықтық нормалар жүйесі десе В.Дримба тек транслитерациясымен ғана шектелген. Ал профессор Ә.Құрышжанов қазақ тілінегі аудармасын нақты берген, мұнда шариғат әдеби тілде, өзінің дәстүрлі ұғымымен берілгенін байқауға болады. Ортағасырлық «Муниетул-гүзәт» мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткішінде: *шәри* бірлә тақы өзіні дайым ибадәт ішінде тутғай (шариғатпен өзін дайым ғибадат ішінде ұстасын) [17, 124] деген мысал кездеседі. Мұндағы *шәри* араб тіліндегі *šarī'a* («шариғат») сөзінің ықшамдалған нұсқасы мағынасы шариғаттық құқық. Шариғат қазіргі қоғамда толыққанды құқықтық жүйе ретінде емес, ең алдымен діни-этикалық және әлеуметтік-нормативтік қағидалар жиынтығы Ол мұсылман қауымының мінез-құлқын, құндылықтық бағдарын және әлеуметтік жауапкершілігін реттейтін маңызды фактор. Қазіргі зайырлы мемлекеттер жағдайында шариғат нормалары мемлекеттік құқықпен қатар өмір сүріп, негізінен жеке діни тәжірибе мен отбасылық қатынастар шеңберінде іске асады.

Ескерткіш тілінен исламдық дәстүрдегі негізгі діндік әрекеттерге қатысты «*оғищ*», «*qurban*» «*sadaqa/sadaḡa* секілді ұғымдар да кездеседі. Олар адамның сенімін, моральдық және әлеуметтік қызметін көрсететін практикалық ұғымдар. Бұл ұғымдар исламдық дүниетанымда бір-бірімен тығыз байланысты әрі адамның Құдаймен, қоғаммен және өз-өзімен қарым-қатынасын реттейтін кешенді жүйе. Сондай-ақ бұл ұғымдардың барлығы исламда сенімнің тек теориялық деңгейде емес, нақты іс-әрекет арқылы жүзеге асуын көрсетеді, яғни олар жеке адамның рухани кемелденуіне де, қоғамның әлеуметтік үйлесіміне де қызмет етеді.

*Oruṣ (оруч) ораза біз қарасытырып отырған ескерткіште oruṣ tutarmen (оруч тұтрамен) ораза тұтармын, oruṣ tūt (оруч тұт) ораза тұт, barča kiči borčlu – tur oruṣta (барча кічи борұчлы-тұр оручта) барша кічи ораза тұтуға борышты секілді сөз бен тіркестерін де кездестіреміз. Ескерткіш тіліндегі оруч тұлғасында қолданылған сөз қазіргі қазақ тілінде тарихи-лексикалық ауысу нәтижесінде ораза формасында қалыптасқан. Түркі тілдерінде: қарайым оруч, татар ураза, башқұрт ураза, ноғай ораза, қарақалпақ ораза, қырғыз ураза. «Codex Cumanicus» нұсқаларында Г.Кун *oruṣ yani oruz «jejunium», far oruz tut «jenuna»* [4, 257], К.Гренбах *oruṣ (sogd?) «fasten», oruṣ tut* [5,179], В.В. Радлов *оруц «fasten» оруцта* [6 ,13], В.Дримбада *oruz, or/u/z, oruz* [7, 54], Ә.Құрашжановта *оруч «ораз»* [8, 105], А.Гаркавецте *оруṣ «пост»* [9, 1170], Г.Гүнер мен М.Аргуншахта «*оғищ*» [10, 650]. Түпнұсқамен салыстырғанда көшірушелілер тарапынан бұл сөзге фонетикалық қателік жібергендердің қатарына В.В. Радлов пен В.Дримба нұсқалары жатады, дегенмен мағыналық тұрғыдан ауытқушылық байқалмайды. Ал түркі тілдерінде фонетикалық о/у, ч/з дыбыстарына ауысулар байқайлады. Бұл сөз ортағасырлық жазба ескерткіштерде мысалы «Төре бітігінде» де осы тұлғада кездеседі [18, 731]. «Тесфирде» *оруч «пост»* рамазан *aji oruṣ тутдi* (139,5) в месяце рамазане он постился [13, 239] кездеседі. Қазақ тіліндегі араб-парсы түсіндірме сөздігінде бұл сөз парсы тілінен енген сөз рузе мұсылманның парызы бір ай бойы таң атқаннан күн батқанға дейін ішіп жеуден тыйылу [3, 444] деген анықтама аламыз. Ораза уақыты біткен соң дәстүрлі түрде діни мейрам *ораз» айт* тойланады. Тілімізде бұл сөздің ұйытқы болуымен бірнеше *ораз» тұтты* ауыз бекітті, діни парызын өтеді, *оразасын ашпады* таңертеңгі асын ішпеді, *оразасын ашты* таңертеңгі асын ішті, *оразды* басына жақсылық үйір, құт берекелі, бақытты, *оразасы* бұзылды ауыз ашып жіберу, себепті себепсіз, *оразашыл* діншіл, ораза ұстағыш, тұрақты тіркестер қалыптасқан [15, 555]. Жазба ескерткіш тіліндегі «оруч» және парсы тіліндегі «рузе» нұсқалары қазіргі қазақ тілінде дауыстылар мен дауыссыздардың үндестік заңдылықтарына сәйкес фонетикалық бейімделу нәтижесінде, «ораз» формасына ауысып, қазақ тілінде тұрақты лексикалық бірлікке айналған.*

Qurban (құрбан) құрбан. Аллаға мойынсұну мен жақындықты білдіретін сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік теңдікті күшейтіп, мұқтаж жандарға қамқорлық жасауды көздейтін діни әрекет. Қазақ тіліндегі араб-парсы түсіндірме сөздігінде: құрбан 1) құдай жолына арнап сойылатын мал, құрбандық шалу, 2) ауысп., жанын беру, жанын қию, 3) бағыштау садақа ету [3, 322] деген анықтама аламыз. Қазіргі қазақ тіліне фонетикалық өзгеріссіз енген сөз. Түркі тілдерінде татар *қорбан*, ноғай *курман курман*, қарақалпақ *қурбан*, қырғыз *курман*. Аталған жазба ескерткіштің нұсқалары Г.Кунда *kurban «sacrificium'ar* [4, 266], К.Гренбах *kurban «opfer» qurban kötür «als opfer darbringe», qurban bajram aj 'opfermonat mit'* [5, 203], В.В. Радловта *курбан «opfer» курбаныны, курбан баран*

ai [6, 29], В.Дримбада *curbā, kurbaníni, kurbā* [7, 32] *kurban*, Ә.Құрышжановта *қурбан «құрбан»* [8,95], А.Гаркавецте *qurban «жертва»* [9, 1200]. Түпнұсқамен салыстырғанда көшірушілер тарапынан сөз ортасында *у/ұ, б/м, у/о* секліді фонетикалық өзгешеліктері ғана байқалмаса, мағынасында еш өзгешелік жоқ. Бұл сөздің ұйытқы болуымен *құрбан болды, қылды, етті* жанын қиды, *пида етті, садаққа қылды, құрман шалды* аруаққа атап мал сойды, *құрбан айт* - діни мейрам секілді тұрақты тіркестер де қалыптасқан [15, 236]. Бұл сөз түркі тілдерінің барлығында фонетикалық тұрғыдан аз ғана өзгеріске ұшырап, негізгі мағынасын сақтап орныққан ұғым. Ол бастапқыда Құдай жолына шалынатын малды, құрбандық шалу рәсімін білдірсе, уақыт өте келе ауыспалы мағынада жанын қию, *пида ету, бағыштау* ұғымдарын қамтып, түркі дүниетанымымен, әсіресе аруаққа тағзым ету, садақа беру, діни мейрам атаулары сияқты салт-дәстүрлермен тығыз байланыста дамыған. Осылайша «құрбан» сөзі тілдік қана емес, рухани-мәдени мазмұны терең, түркі және исламдық таным тоғысқан маңызды ұғым ретінде қалыптасқан.

Sadaqa – *sadaqa* (*садақа-садаға*) *садақа* ерікті қайырымдылық, мейірім мен әлеуметтік жауапкершіліктің көрінісі. Қоғамдағы ынтымақ пен өзара көмекті арттыратын моральдық практика. Сонымен қатар түркілер мәдениетінде қоғамдағы моральдық және әлеуметтік қатынастарды реттейтін дәстүрлі құндылық. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіштегі діни мәтіндер арасынан *sadaqayasından bizgä bersä* (*садағасындан бізгә берсә*) *садағасынан бізге де берсе* секілді мысал да кездеседі. Мұндағы *садақа* 1) ақшадай не заттай қайыр беру, 2) ауысп., құрбан болу, құрбандыққа беру - деген анықтама береді [3,490]. Ескерткіштің әр жылдары шыққан нұсқаларында Г.Кунда *sadaka «eleemosyna»* [4, 293], К.Гренбах *sadaqa «almosen»* [5, 210], В.В. Радлов *садаға «almosen»* *садағасындан* [6, 62], В.Дримбада *sada[c>g]a, </fada> fadaga/jindan* [7, 18], Ә.Құрышжанұлы *садаға «садаға»* [8, 110], А.Гаркавецте, *sadaqa-sadaqa «милостыня»* [9, 1205]. Бұл ұғымды көшіру барысында фонетикалық өзгерістерге ұшыратқан тек В.Дримба ғана, ал басқа ғалымдар сәтті көшірген деп санауға болады. Өйткені сөз ортасында *қ/ғ, қ/к* фонетикалық өзгерісі ғана байқалмаса мағынасында еш өзгеріс жоқ. Ауыз екі тілімізде бұл сөздің *садағаң болайын!* еркелету, айналып толғану мағынасында, *садағаң кетейін!* жалыну мағынасында *садағаң кеткір!*, шешеден *садаға кет!* секілді қарғысты да қолданған. Бұдан «садақа» ұғымының халық мәдениетінде эмоциялық, әлеуметтік және тілдік қатынастарды білдіретін кең мағыналы ұғым ретінде қалыптасқанын көруге болады.

Исламдық дүниетанымда *sabur* (*сабыр*), *šükür* (*шүкір*), *tövbä* (*тәубе*), *medet* (*медет*), *niyet* (*ниет*) сияқты ұғымдар адамның ішкі рухани күйін, сезімдік тәжірибесін және діни санасын сипаттайтын негізгі категориялар болып табылады. Бұл ұғымдар адамның Алламен қарым-қатынасын ғана емес, оның өмірге, қиындыққа, жауапкершілікке және моральдық таңдауға деген көзқарасын айқындайды.

Sabur (*сабур*) сабыр сөзінің мағынасы шариғат бойынша Алла тағаланың разышылығы үшін өмірдегі қиыншылықтарға төзу, шыдамды болу. Жалпы қарапайым сөзбен түсіндірсек мұсылман баласының тіршілікте кездесетін қиындық пен зорлыққа қарсы тұра білуі. Ескерткіш тілінде *saburlux eter, saburluq – tur* секілді тұрақты тіркестерде кездестіреміз, Байқағанымыздай, біз қарастырып отырған ескерткіш тілінде сабур формасында, қазіргі қазақ тілінде *у/ы* ауысуы арқылы сабыр тұлғасында қалыптасқан. Көне түркі сөздігінде (ДТС): «*sabir, sabir qil терпеть, проявлять, терпение*» [19,508] сабыр тұлғасында кездеседі. Мұндай дыбыстық алмасулар ортағасырлық жазба ескерткіштердің көбіне тән құбылыс болып табылады. Жазба ескерткішті көшіруші

авторлар Г.Кун *sabur «aloe» ar* [4, 248], К.Гренбах *sabur «aloe»* [5, 39], В.В.Радловта *сабур «aloe»* [6, 2], В.Дримбада *sabur* [7,82], Ә.Құрышжановта *сабур «сабыр»* [8,236], А.Гаркавецте *sabur «терпение»* [9, 1205]. Байқағанымыздай, бұл сөзде мағыналық тұрғыдан да фонетикалық тұрғыдан да ауытқушылық білінбейді. Мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіші «Муниетул-гүзәт» жазба ескерткішінде *тақы анынг үзере сабр ітгей та фәһм ітін көнгілінде (оның үстіне сабыр еткей соншалықты түсінетін болып көңілінде* [17,61, 131] деген мысалда көрініс тапқан. Бұл мысалда сабыр сөзі фонетикалық тұрғыдан араб тілінен кірген бастапқы сөздің дыбыстық *صبر (šabr)* нұсқасында қолданылған. Себебі «Муниетул-гүзәт» жазба ескерткіші қыпшақ қарпі, араб жазуының үлгісінде жазылған жазба ескерткіш. Сондықтан да жазба ескерткіштегі кірме сөздер өздерінің дыбыстық құрылымын сақтауға тырысқан. Байқағанымыздай, бұл сөз ортағасырдың өзінде *sabur-sabir-sabr* варианттарында қатар қолданылып, сөздің әртүрлі тілдік ортада (араб-парсы ықпалы, түркілік айтылым, мәмлүк-қыпшақ) бейімделуінің нәтижесінде қолданылған. Тіліміздегі тұрақты тіркестерде сабыр сөзінің мағынасы әртүрлі реңкте құбылады мысалы, *сабыр қылды* шыдамдылық төзім білдірді; *асығыстық жасамады, сабыр суы сарқылды [таусылды, түгесілді]* сабыр бітті [кетті, қалмады, таусылды] шыдам төзімі құрыды, *сабыр таяғына таянды* шыдамды сүйеніш етті, *сабыр түбі* сары алтын шыдам тағат арты жақсылық, шыдам аяғы игілік; сабыры мойымады шыдам тағаты таусылмады, тағат қып шыдады, *сабыр етті* шыдамдылық жасады [15, 89] Бұл тіркестер арқылы «сабыр» сөзінің шыдамдылық пен төзімділікті, қажыр-қайратты, сондай-ақ ішкі тұрақтылық пен сенімділікті білдіретін ұғым ретінде қалыптасқанын көруге болады.

Šükür ukur (шүкүр) шүкір. Жазба ескерткіш тілінде *šükür barčadan (шүкір барчадан)* деген сөз тіркесін кездестіреміз. Тегінде түркілер барыңа шүкір ет, жоғыңа сабыр ет дейді. Шүкүршілік адамды барлық нәрсеге, тіпті болмашы ұсақ түйекке де шын қуануға шақырады. Халықтың діни танымында шүкірлік айтып отырған пендесіне алла тағала арттырабереді дегенде түсінік қалыптасқан. Түркі тілдерінде қарайым шукур, қарақалпақ шукир, ноғай шүкүр. А.Гаркавец *šükür* похвала, благодарность [9, 1230] сөз ортасында *ү/і* фонетикалық өзгешелік болмаса мағынасы өзгермеген. Көне түркі сөздігінде, *šükr* араб благодарность, признательность, *šükr qıl* – благодарить деп берілген [19, 557]. Мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіші «Муниетул-гүзәтта», тақы *Тангры-ға шүкр қылғай кім мунтіг улуг (тағы тәңірге шүкр қылсын мұндай ұлы өнерлерін)* (54-124) [17, 69] деген мысалда кездеседі. Ал «Алғыш бітігте»: *šukur* [20,193]. Байқағанымыздай бұл сөзде әр түрлі фонетикалық варианттылықтармен беріледі екен. Ортағасырлық жазба ескерткіштерде шүкүр нұсқасында берілуі, түркі тілдеріндегі ерін үндестігінің ортағасырдағы қалпын көрсетеді. Ал қазіргі қазақ тіліне бұл сөз орфографиялық норма бойынша шүкір түрінде жазылады, ал орфоэпиялық нормаға сәйкес *шүкүр* деп айтылады. Қазақ тіліндегі араб-парсы түсіндірме сөздігінде бұл сөз арабша шукр 1) ризашылық, риза болу, қауану [3, 458]. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: 1) құдайға тоба, тәубе, 2) тәуір, жақсы жаман емес 3) құмды жерде өсетін, тамыры қант қызылшасына ұқсас өсімдік [21, 744]. Ауыз екі тілімізде бұл сөздің ұйытқы болуымен *шүкірлік қыл* риза бол, қуан *шүкірана* қылмау ризашылық етпеу, разы болмау *шүкіраналық қылу* қатты қуанып ырза болу *шүкірне* алланы еске алып, ризашылық намаз оқу *шүкіраналық ету* аллаға *шүкіршілік ету, шүкір тәубе, тоба, шүкірлік шүкірлік қылу, шүкіршілік тәубешілік, тобалық, қанағат, қылушылық* секілді

тұрақты тіркестер қалыптасқан [15, 56]. Жоғарыдағы фразеологиялық тіркестерден шығатын қортынды бұл сөз адамды разылыққа, қанағатқа, ішкі тыныштыққа жетелейтін ұғым екендігінде. Адам Аллаға шүкірлік ету арқылы өзінің рухани байлығын арттырады және өмірдегі берілген жақсылықтарға шын жүректен ризашылық білдіреді. Сол үшін де *Құдайға шүкір! Аллаға шүкір!* тіркесін көп қолданады.

Tövbä (төвбә) тәубе ескерткіш тіліндегі *төвбә* қазіргі қазақ тілінде *тәубе/тоба*. Бұл варианттар кірме элементтің түркі тілдеріне бейімделген фонетикалық варианттары. Бұл сөз араб тілінен кірген кірме сөз 1) өкініш, өкіну, опық жеу, 2) шүкірлік қылу барға қанағат ету мойындау, тәубеге келу 3) қатесін жөндеуге, жаман әрекет жасамауға, ниет ету, түзеу, дұрыста [3, 554] секілді мағыналарды береді. Исламдық терминдер сөздігіне, күнә істегеннен кейін оған өкініп, Алла тағаладан қорқу, қайта жасамауға уәде беру [16, 236]. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: 1) тағдырға ризалық, шүкіршілік қанағат тұтушылық [21, 626]. Жоғарыда көрсетілген мәліметтерден бұл сөздің негізгі мағыналары, өкініш сезімі, тәубе ету, қанағаттылық және өзін түзетуге ниеттену. Араб тілінен енген бұл термин көбіне діни контекстте қолданылады. Түркілер түсінігінде *тәубе* адамның ішкі жан дүниесінің өзгерісі мен рухани тазалығын білдіретін ұғым. Сонымен қатар ризашылық пен шүкіршілік сезімін, қанағат пен сабырды да қамтиды. Яғни адам өмірдегі әртүрлі жағдайларға разы болып, оны қабылдап, даналықпен қарауға ұмтылуы арқылы тәубеге келеді. Демек, тәубе түркілер танымында рухани жауапкершілік, ішкі тәртіп пен өмірлік ұстанымның маңызды көрінісі. Мысалы, *тәубеге [тобаға] келді астамашылдық етпеді, шүкіршілік білдірді, тәубе [тоба] қылды діни асылық қылмады, тәубесі, [тобасы] қабыл болды-діни тілегі орындалды, тәубесінен, [тобасынан] жазды, жаңылды, тәубесін [тобасын] ұмытты* діни құдайын есінен шығарды, жолдан шықты, *тәубесіне келтірді [түсірді] тәубесін есіне келтірді [түсірді]-діни құдайын есіне алдырды, тәңірісін білетін етті, райға келтірді [15, 356]* деген тұрақты тіркестер жоғарыдағы пікірімізді айғақтайды.

Medet (медет) медет араб тілінен кірген кірме сөз мәдәд жәрдем көмек, қолғабыс, жәрдем беру - деген мағына береді [3, 356]. Адам баласы басына бір ауыр іс түскенде, немесе ауыр жағдайға тап болғанда: *Medet бере көр!* деп алладан сүйеу, қорғау, демеу мағынасында тілек тілеген. Біз қарастырып отырған ескерткіш тіліндегі діни мәтіндерде *medet etti, medet bolıyl* секілді тұрақты тіркестер кездеседі. Венгр ғалымы Г.Кун *medet «auxilium» ar* [4, 304], К.Гренбах *medet «Hilfe» Beistand» arylarnyq küsençi barçaya medet bolıyl 'du Sehnsucht der Heiligen sei Abhilfe gegen Alles', medet etti 'er brachte Abhilfe' [39], В.В. Радлов мәдәт «Hülfe, Mittel» [6, 78], В. Дримбада *medet* [7, 140], Ә.Құрышжанов *медет «медет»* [8, 100], А.Гракавецте *medet «помощь»* 9, 1149] деп берген. Барлық көшірушілердің нұсқаларында *medet* сөзінің семантикасы біркелкі сипатталып, негізгі мағынасы «көмек, жәрдем, қолдау» ретінде көрінеді. Фонетикалық тұрғыдан тек В.В. Радлов сөз ортасындағы е дыбысын ә дыбысымен таңбалау арқылы қателікке бой алдырған. Халқымыз *медет* сөзіне үлкен мән мен мағына сыйдырған, оны өз түсініктеріне қарай икемдеп *қолдау, көңілге демеу, жол көрсету, рухтандыру, жұбаныш, жәрдем, тірек, сүйемел, күш-қуат беру* секілді көмек ұғымдарымен байланыстыра білген. Оны тұрақты тіркестері арқылы көрсете білген. Мысалы, *белге медет* арқа, тірек, *сүйемел медет сұрады* сүйеніш тіледі, *жәрдем күтті, медеу етті [көрді, қылды]* сүйініш, тірек қылды, *арқа тұтты, көңілге тоқ санады, медет көрді медет бер* күш қуат бер мағынасындағы тілек, сүйеу қорғау, *медет бол көмекші бол* мағынасында *медет берді* рухтандырды,*

шабыттандырды, *медет тұтты медет қылды медет етті, медет сұрады* көмек күтті алладан жәрдем күтті, алладан медет келді құдай қолдады, жол оңғарды, көңілге медет болды жұбаныш, таяныш болды [15, 512].

Niyet (niyet) ниет, араб тілінде ниат, ықлас, пейіл алдын ала болжайтын ой - деген анықтама беріледі [3, 437]. Жазба ескерткіштің нұсқаларында Г.Кунда *mac etkil «invoca»* [4, 141, 304], К.Гренбах *mat, mat etkil* [5, 163], В.В. Радлов *mak «Lob» mak ätkil* [6,77], В.Дримба *níat* [7, 115] А.Гаркавец *niet «намерение»* [8,1160]. Бұл сөзді көшірушілер тарапынан тек В.Дримба және А.Гаркавецте түпнұсқаға жақын екенін көруге болады. «Муниетуль-гүзәт» мәмлүк – қыпшақ жазба ескерткішінде, *фарис кірек кім нийиетін иһлас бирлә тәнгрі иолұнға (қылға) атты сарбаз болған кісі ниетін ықлас пен Тәңірі жолына арасын* [17,124] деген мысалдағы ниет рухани мәнде, адамның ықыласы мен Тәңір жолына берілуі, жүреппен жасалған рухани бағытты білдіреді. Шындығында, халқымыздың діни түсінігінде ниет – адамның іс-әрекетінің басты қозғаушы күші, нақты мақсаты мен көңілінің адалдығын білдіретін ұғым. Ол әрекеттің бастамасы. Сондықтан ауызекі сөйлеуде жиі қолданылатын тіркестер «ниетің адал болсын!», «ниетің орындалсын!», «ниетіңе жет!» адамның ниетінің дұрыс, таза әрі сәтті болуына тілек білдіруді көрсетеді.

Қорытынды

«Codex Cumanicus» жазба ескерткішіндегі діни ұғымдар жүйесі ортағасырлық түркі қоғамының рухани, мәдени және тілдік болмысын жан-жақты бейнелейтін маңызды дереккөз болып табылады. Мәтіндерде ислам, христиан және өзге де діни дәстүрлерге тән терминдердің қатар қолданылуы түркі әлемінің көпдінді, көпмәдениетті ортада дамығанын көрсетеді. Зерттеу көрсеткендей, діни терминдердің тілге енуі тек лингвистикалық құбылыс қана емес, рухани-мәдени ықпалдастықтың айқын көрінісі болып табылады. *Пайғамбар, шариғат, ораза, құрбан, садақа* сияқты ұғымдар фонетикалық өзгерістерге ұшырағанымен, негізгі мағынасын сақтап, халықтық дүниетаныммен сабақтасып, семантикалық тұрғыдан кеңейген. *Sabur, šükür, tövbä, medet, niyet* тәрізді рухани-этикалық ұғымдар жеке адамның ішкі жан дүниесін, моральдық жауапкершілігін және әлеуметтік мінез-құлқын реттейтін әмбебап құндылықтар ретінде орныққан. Жазба ескерткіштегі діни терминдердің семантикалық тұрақтылығы мен кеңеюі, сондай-ақ олардың эмоционалды-экспрессивті және фразеологиялық қырлары халықтық дүниетаныммен тығыз байланыста дамығанын көрсетеді. Қортындылай келе түйгеніміз «Codex Cumanicus» жазба ескерткіші тек лингвистикалық емес, тарихи-мәдени және діни-танымдық тұрғыдан да жоғары ғылыми құндылыққа ие. жазба ескерткіш екендігінде.

Авторлардың қосқан үлесі:

Серкебаева Г.Ы. – ғылыми мақаланың мақсаттары мен міндеттерін айқындау, зерттеу материалдары мен әдістерін пайдалана отырып жұмыс жүргізуге, теориялық материалды жинақтау және талдауға жауапты тұлға;

Байменова С.С. – материалды жинақтау және талдау, ғылыми мақаланы рәсімдеуге жауапты;

Аширкулов К.Б. – әдебиеттерді сұрыптау, реттеуге жауапты тұлға.

Әдебиеттер тізімі

1. Аубакирова, Қ.Қ., Мустафаева, А.А. (2021) «Мәмлүктер билігі кезіндегі қыпшақ-араб сөздіктері және «Тәржұман» ескерткіші: салыстырмалы талдау», Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы, 3 (136), бб. 119-128.
2. Стоянов, В. (2021) Valeristica polyhistorica supplementa. Избрани приноси към гранични области на историята. CUMANICA. София, р. 459.
3. Мамырбекова, Г. (2017) Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, б. 656.
4. Kuun, G. (1981) Codex Cumanicus. Budapest, p. 395.
5. Grønbech, K. (1942) Komanisches Wörterbuch. Türkischer Wortindex zu Codex Cumanicus. Kopenhagen: Eynar Munksgard, p. 368.
6. Radloff, W. (1887) Codex Cumanicus. St. Petersburg, p. 153.
7. Drimba, V. (1983) Codex Cumanicus. RRL, p. 460.
8. Құрышжанов Ә.Қ., Жұбанов, А.Қ., Белботаев А.Б. (1978) Құманша қазақша жиілік сөздік. Алматы, б. 278.
9. Гаркавец, А. (2015) Codex Cumanicus. Алматы: «Баур», б. 1089.
10. Argunşah, M, Güner, G. (2022) «Codex Cumanicus», p. 295.
11. Гаркавец, А.А. (2019) Китаб-и Тарджуман. Алматы: Баур, б. 600.
12. Гаркавец, А. (2013) Кипчакское Евангелие. Алматы: Баур, б. 556.
13. Боровков, А.К. (1963) Лексика среднеазиатского Тевсира (XII–XIII вв.). Москва, с. 368.
14. Қазақ әдеби тілінің сөздігі (2011). Он бестомдық. 12-том / Құраст. А.Үдербаев, О.Нақысбеков, Ж.Қоңыратбаева және т.б. Алматы, б. 752.
15. Кеңесбаев, І. (2007) Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: ҚазАқпарат, б. 356.
16. Исламдық терминдер сөздігі (2015). Құраст.: М.Исахан, М.Муслимов, С.Көкенай, Б.Сыддықов. Астана: Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы.
17. Uğurlu, M. (1987) Muniyetu'l-guzât. Ankara, p. 323.
18. Гаркавец, А. (2003) Төре бітігі. Алматы. Дешти и кипчак. Баур, б. 791.
19. Древнетюркский словарь (1969). Ленинград: Наука, с. 677.
20. Ghirli, N. Ermeni kırçakça Dualar kitabı. Algiş bitigi. Türkstan ve Azerbayjan Araştırma Merkezi, p. 328.
21. Қалиев, Б. (2014) Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, б. 728.

Г.И. Серкебаева¹, С.С. Байменова¹, К.Б. Аширкулов²

¹Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

(E-mail: gauhar.110178@mail.ru¹, saule.baimen78@gmail.com², kanat.ashirkulov@gmail.com³)

Религиозные понятия в языке письменного памятника «Codex Cumanicus»: тюркское мировосприятие и семантическая эволюция

Аннотация. В статье проведен лингвистический анализ религиозной лексики средневекового письменного памятника «Codex Cumanicus». В качестве объекта исследования выбраны религиозные понятия: раууамбар (пророк), şeriat (шариат), оғуц (пост), qurban (жертва), sadaqa/sadaуа (садака), tāube (покаяние), şükür (благодарность), sabur (терпение), medet (помощь), niyet (намерение). В статье рассматриваются особенности их употребления в языке средневекового памятника, фонетические характеристики и историческое развитие. В ходе исследования применялись историко-сравнительный, фонетический и семантический методы, выявлены особенности адаптации терминов арабско-персидского происхождения к тюркской языковой среде. В результате показано, что религиозная лексика памятника сформирована системно, а

роль тюркских народов в религиозно-культурной системе проявляется. Результаты статьи могут служить важным научным источником для изучения исторической лексикологии и религиозной терминологии тюркских языков. Анализируя семантическую структуру указанной религиозной лексики, авторы выявляют закономерности формирования конфессиональных терминов в средневековом кыпчакском языке. В ходе исследования особое внимание уделено лингвокультурным особенностям, возникшим в результате синтеза исламских понятий с тюркским мировоззрением. В этой связи, на научной основе обосновывается генетическая преемственность рассматриваемого терминологического пласта с лексическим фондом современного казахского языка.

Ключевые слова: «Codex Cumanicus», религиозная лексика, древнетюркские верования, средневековый письменный памятник, тюркские языки, историческая терминология.

G.I. Serkebayeva¹, S.S. Baymenova¹, K.B. Ashirkulov²

¹*M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan*

²*Al-Farabi Kazakh National University Almaty, Kazakhstan*

(E-mail: gauhar.110178@mail.ru¹, saule.baimen78@gmail.com², kanat.ashirkulov@gmail.com³)

Religious Concepts in the Language of the Written Monument Codex Cumanicus: Turkic Worldview and Semantic Evolution

Abstract. The article presents a linguistic analysis of the religious lexicon in the medieval manuscript «Codex Cumanicus». The research focuses on religious concepts such as payyambar (prophet), šariat (sharia), oruĉ (fast), qurban (sacrifice), sadaqa/sadaya (alms), täube (repentance), šükür (gratitude), sabur (patience), medet (help), and niyet (intention). The article examines their usage features in the language of the medieval manuscript, phonetic characteristics, and historical development. Historical-comparative, phonetic, and semantic methods were applied, and the adaptation features of Arabic-Persian terms to the Turkic linguistic environment were identified. As a result, it is shown that the religious lexicon of the manuscript is systematically formed, and the role of Turkic peoples in the religious and cultural system is reflected. The findings of the article can serve as an important scientific source for studying the historical lexicology and religious terminology of Turkic languages. By analyzing the semantic structure of the mentioned religious lexis, the authors identify the patterns of formation of confessional terms in the medieval Kipchak language. During the study, particular attention is paid to the linguo-cultural features resulting from the synthesis of Islamic concepts with the Turkic worldview. In this regard, the genetic continuity of the analyzed terminological layer with the lexical fund of the modern Kazakh language is scientifically substantiated.

Keywords: «Codex Cumanicus», religious lexicon, ancient Turkic beliefs, medieval manuscript, Turkic languages, historical terminology.

References

1. Aubakirova, K.K., Mustafaeva, A.A. (2021) «Mamlukter biligi kezindeki kypshak-arab sozdikteri zhane «Tarzhuman» eskertkishi: salystyrmaly taldaу», L.N. Gumilev atyndagy Eurazija ulttyk universitetinin Habarshysy. Sajasi gilymdar. Ajmaktanу. Shygystanu. Turkitanу serijasy, 3 (136), bb. 119-128. [in Kazakh]
2. Stojanov, V. (2021) Valeristica polyhistorica supplementa. Izbrani prinosi kem granichni oblasti na istorijata. CUMANICA. Sofija, r. 459.
3. Mamyrbekova, G. (2017) Kazak tilindegi arab-parsy sozderinin tusindirme sozdigi. Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty, b. 656. [in Kazakh]
4. Kuun, G. (1981) Codex Cumanicus. Budapest, p. 395.
5. Grønbech, K. (1942) Komanisches Wörterbuch. Türkischer Wortindex zu Codex Cumanicus. Kopenhagen: Eynar Munksgard, p. 368.

6. Radloff, W. (1887) Codex Cumanicus. St. Petersburg, p. 153.
7. Drimba, V. (1983) Codex Cumanicus. RRL, p. 460.
8. Kuryshzhanov A.K., Zhubanov, A.K., Belbotaev A.B. (1978) Kumansha kazaksha zhiilik sozdik. Almaty, b. 278. [in Kazakh]
9. Garkavec, A. (2015) Codex Cumanicus. Almaty: «Baur», s. 1089. [in Russian]
10. Argunşah, M, Güner, G. (2022) «Codex Cumanicus», p. 295.
11. Garkavec, A.A. (2019) Kitab-i Tardzhuman. Almaty: Baur, b. 600. [in Kazakh]
12. Garkavec, A. (2013) Kipchakskoe Evangelie. Almaty: Baur, b. 556. [in Russian]
13. Borovkov, A.K. (1963) Leksika sredneaziatskogo Tefsira (XII–XIII vv.). Moskva, s. 368. [in Russian]
14. Kazak adebi tilinin sozdigi (2011). On bes tomdyk. 12-tom / Kurast. A.Yderbaev, O.Nakysbekov, Zh.Konyratbaeva zhane t.b. Almaty, b. 752. [in Kazakh]
15. Kenesbaev, I. (2007) Kazak tilinin frazeologijalyk sozdigi. Almaty: kazAkparat, b. 356. [in Kazakh]
16. Islamdyk terminder sozdigi (2015). Kurast.: M.Isahan, M.Muslimov, S.Kokenaj, B.Syddykov. Astana: Din maseleleri zhonindegi gylymi-zertteu ortalygy. [in Kazakh]
17. Uğurlu, M. (1987) Munyetu'l-guzât. Ankara, p. 323.
18. Garkavec, A. (2003) Tore bitigi. Almaty. Deshti i kipchak. Baur, b. 791. [in Kazakh]
19. Drevnetjurkskij slovar' (1969). Leningrad: Nauka, s. 677. [in Russian]
20. Ghirli, N. Ermeni kipçakça Dualar kitabı. Algış bitigi. Türkstan ve Azerbayjan Araştırma Merkezi, p. 328.
21. Kaliev, B. (2014) Kazak tilinin tusindirme sozdigi. Almaty, b. 728. [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Серкебаева Г.И. – PhD, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, «Абайтану» ғылыми орталығының аға ғылыми қызметкері, Шымкент, Қазақстан.

Байменова С.С. – PhD докторант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан.

Аширқұлов К.Б. – магистр, Түркітану және тіл теориясы кафедрасының оқытушысы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Серкебаева Г.И. – PhD, старший научный сотрудник научного центра «Абаеведение», Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан.

Байменова С.С. – PhD докторант, Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан.

Аширқұлов К.Б. – магистр, преподаватель кафедры тюркологии и теории языка, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Serkebayeva G.I. – PhD, M. Auezov South Kazakhstan Research University, Senior Researcher at the “Abai Studies” Scientific Center, Shymkent, Kazakhstan.

Baymenova S.S. – PhD student, M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan.

Ashirkulov K.B. – Master, Lecturer at the Department of Turkology and Language Theory, Al-Farabi Kazakh National University Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).